

ӘОЖ 658

Ж. К. Даухарин¹, экономика ғылымдарының докторы,

А. Ұ. Сұлтанов², ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент

¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана қаласы, Қазақстан

²Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДА ЖОБАЛЫҚ ТӘСІЛДЕМЕНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Шағын және орта кәсіпорындарының қызметін жетілдіру барысындағы күрделі мәселелер. Жобалық басқару нарық құралы ретінде басқарудың тиімділігін арттырады. Жобалық басқарумен оперативті басқаруының айырмашылықтары. Жоба түсінігі және жобалық басқару процесстерінің топтары.

***Түйін сөздер:** шағын және орта кәсіпорындары, қызмет түрлері, жоба, жобалық басқару.*

Шағын және орта кәсіпорындар үшін өз қызметін жетілдіру мәселесі әрдайым күн тәртібінде тұрады және өзекті болып табылады. Бүгінгі таңда, қалыптасқан нарық және дағдарыс шарттары осы кәсіпорындардың басшыларын басқарудың тиімділігін арттыру құралдарын іздеуге итермелейді.

Экономиканы реформалау орнатылған байланыстардың бұзылуына әкеліп соқтырды және орныққан шарттар жалпы басқару жүйесін өзгерту қажеттілігін көрсете бастады. Қазіргі басқару жобалық тәсілдеменің құраушысы болып табылатын талдамалық (аналитикалық) бағалауға, нарықтық жағдайды болжауға, нарықтық оқиғалардың даму беталысын, жаңа бірегей өнімдерді анықтауға бағытталған.

Кәсіпорындардың көптеген басшылары жаңа қолданысты елемей «сенімді» әдістерді қолдануды жөн көреді, бұл нарық шарттарында тиімді басқаруды төмендетеді. Қолданылатын әдістер көптеген жағдайларда жаңа шарттарға бейімсіздік салдарынан өзін ақтамайды, ал нарықтағы орын алған өзгерістер басқарудың маңызды құраушысы болып табылатын сәйкес серпілісті талап етеді. Осы жағдай айналадағы ортаның талаптарын тиісті есепке алмай жүргізілген кәсіпорынның қызметі, басқарудың тиімділігіне айқын белгі қоятындығын көрсетеді.

Жобалық тәсілдеме қойылған міндеттерді барынша ақтайды және оны маркетингпен бірге нарық құралдары қатарында басқарудың тиімділігін арттырудағы талап етілетін құралы етеді.


Кәсіпорындардың, сонымен бірге шағын және орта кәсіпорындардың қызметінде жобалық тәсілдеменің танымалдығының өсуіне дәл осы жағдай себеп болды. Бұдан өзге, мерзімі, бюджет, істің мазмұны, нәтижесі үшін қызметкерлердің жеке жауапкершіліктері, құрастырылған және бейімделген ынталандыру жүйесі бойынша ауытқуларды қысқартусекілді ең жақсы басқарушылықта көрінетін оң жақтарын жеткілікті деңгейде атауға болады.

Қазіргі уақытта, көлеміне қарамастан кез келген кәсіпорынның қызметін жобалық басқаруға жүктеуге және жоба ретінде бағалауға болады. Ауылшаруашылық бағытындағы шағын және орта кәсіпорындарды да (астық жинау, дән сақтау, ауылшаруашылық техникасын дайындау және т.б.) жалпыға мәлім жобалық үшбұрышы (бюджет, мерзімі, мазмұны) аясында қарауға болады.

Кез келген кәсіпорын жүйелерді және жобаларды орындаумен айналысады. Айырмашылықтары жүйелік қызмет бұл қайталанатын процесс, ал жобалық қызмет уақытша және бірегей (1 сурет).

Жобалық басқаруға өту басқарудың тиімділігін жоғарылату мақсатында жаңа

жағдайларға бейімделу қажеттілігінен бұйырылған және ол белгілі құралдар өзінің дәрменсіздігін көрсеткен жағдайда ақталған.



1 сурет – Қызмет түрлерінің ерекшеліктері

Бүгінде, қолдану бағытында ғана емес, сонымен қатар аймақтарды дамыту кешенінде оң әсерін беруге тартылған ауыл шаруашылықта бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асырылуда немесе іске қосуға әзірленуде.

Жоба – басталуы мен аяқталуының белгілі уақыттарымен ортақ мақсатқа табысты қол жеткізуге арналған өзара байланысты әрекеттердің (жұмыстардың) бірегей жиынтығы (*AIPM-Australian Institute for Project Management, National Competence Standard for Project Management – Guidelines 1996-p.18.*).

Жобалық басқару – нақты нәтижеге қол жеткізуге бағытталған, орын алған процестердің реттілігін және ұтымдылығын (рационалдығын) анықтайтын, жекелеген өзара байланысты жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыру алгоритмі негізінде кәсіпорынның қызметін ұйымдастыру.

Дәстүрлі жобалық басқаруды 5 санатты (топты) басқару процестеріне топтастыру қабылданған және бастамалау процестері тобынан басталады. Бастамалау процестерінің тобы, жаңа жобаны анықтау үшін орындалатын жобаның бастамасына авторландыру жолымен өзіне процестерді қабылдайды.

Аталған топ шегінде мазмұны мен бастапқы қаржылық ресурстары анықталады. Өзара әрекеттесетін және жобаның жалпы нәтижесіне әсер ететін ішкі және сыртқы мүдделі тараптар (МТ) анықталады, жобаның менеджері тағайындалады. Осы ақпарат жобаның Жарғысында және МТ тізілімінде (реестрінде) бекітіледі. Жобаның Жарғысын қабылдағаннан кейін жоба ресми түрде авторландырылған болып саналады. Осы процестер орындау қажет – жобаның пайымынанықтауға көмектеседі.

Жоспарлау процестерінің тобы – жұмыстың жалпы мазмұнын анықтау үшін орындалатын, мақсаттарды қою мен нақтылау және белгіленген мақсаттарға жету үшін әрекеттердің реттілігін әзірлеу процестерінен тұрады. Жобаның орындалуына қарай жобаны бастамалаумен қоса жоспарлаудың бір немесе бірнеше процестеріне қайтару қажеттілігіне әкелетін қосымша жоспарлау қажет болады.

Орындау процестерінің тобы жобаның сипаттамаларына сәйкестігі мақсатында

көрсетілген жұмыстарды жүзеге асыру үшін орындалатын процестерді болжайды (адамдар мен ресурстарды үйлестіру, МТ болжалын, біріктіруді және жобаның операцияларын орындауды басқару және т.б.).

Мониторинг және бақылау процестерінің тобы қадағалау, талдау және ілгерілеуді үйлестіру мен жобаны орындау, жоспарға өзгеріс енгізуді қажет ететін және тиісті өзгерістерді бастамашылық ететін саласын анықтау үшін қажетті процестерін қосады.

Жабу процестерінің тобы – жобаны, кезең немесе келісімшарт міндеттемелерін ресми аяқтау мақсатында, жобаны басқару процестерінің барлық топтары аясында жалпы операцияларды аяқтау үшін орындалатын процестерінен тұрады.

Әр жоба бірегей болғандықтан жоспарлау барысында қиындықтар туғызады, нәтижеге (өнімдер, қызметтер) қол жеткізгеннен кейін көптеген факторлардың әсерінен, жобаның сыртқы және ішкі ортасын болжау қиын.

Қазіргі инновациялық даму кезеңінде, кәсіпорынның талпынысынан болған жобаның сыртқы ортасының тұрлаусыздығын басқарудың ықпалды бейімдеу құралдарын табуда жобалық басқарудың рөлі мен маңызы едәуір ұлғаюда. Жобалық басқаруға өту бойынша жұмыс белсендірілуде, қызметін тұтас жобалық басқаруға жатқызуға болатын компанияларды (құрылыс және консалтингтік компаниялар) қоспағанда, кәсіпорындар бейіні мен көлеміне қарамастан өзінің қызметіне жобалық басқаруды енгізуде.

Осыдан 10 жылдай уақыт бұрын Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» Қазақстан халқына Жолдауында жобалық басқаруды – ол жақын болашақты басқаруды жанартудың мәні болу керек деп зейінімізді аудартты (11.10.1997ж).

Жуық уақытқа дейін, елімізде жобалық басқаруды енгізуәлі де талай жақсартуды талап етті, өзара қарым-қатынастың нақты коммуникациялық, ұйымдастырушылық механизмдері, стандарттар және жобаларды басқару әдістемелері болған жоқ, алайда қазір біз өзара әрекеттесу мен дамудың басқа тұрғысы туралы айта аламыз.

Бүгін Қазақстанда өзіне негізгі жобалық менеджменттің тұжырымдамасын қабылдайтын және алдына маңызды міндет ретінде жобалық басқарудың ұлттық стандартын қоятын «ҚР СТ ISO21500 – Жобаларды басқару жөніндегі нұсқау» Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты әрекет етеді.

Қазір халықаралық ұйымдардың және олардың филиалдарының жобалық басқару бойынша консалтингтік және жаттықтырушы қызметтерін көрсететін, осылайша жобалық тәсілімдемеге дем бере отырып себептесу жұмысының жандануы байқалады.

Бүгін жобалық басқару коммерциялық ұйымдарды ғана емес, жобалық менеджменттің әдістерін қару ретінде ала отырып мемлекеттік басқару органдарын да қамтуда танымал болуда.

Бүгінгі таңда, Посткеңестік кеңістік елдерінде жобалық басқаруды енгізу бойынша маңызды істер туралы айтуға болады және Белгород облысында жобалық басқаруды ауқымды енгізу тәжірибесі соның дәлелі.

Жобалық тәсілімдемені енгізу Посткеңестік кеңістікте шешімін табуы тиіс бірқатар қиындықтармен түйіндесті.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, жобалық менеджменттің принциптерін қолдана отырып бағдарламалар мен жүзеге асырылатын жобалардың 80 %-ға дейін табыстылығына қол жеткізуге болады.

Кәсіпорындарға жобалық тәсілімдемені енгізудің негізгі өзіндік мәселесінің бірі ретінде, қызметкерлердің жаңа ережелер бойынша жұмыс істеуге дайынсыздығы болып табылады, кәсіпорын қызметінде жаңа енгізілімді қабылдамау және қаламауды тудырады. Бұл жобалық тәсілімдеменің артықшылықтарын теріске шығаруға, бар тиімдірек құралдарды ескермей және жұмыстың дағдылы, дәстүрлі әдістерін қолдануға айқын ізін салады.

Сонымен қатар, осы бағытта қызметкерлердің жетіспеушілігі жобалық басқарудың қызметкерлерін даярлауды болжайтын, оларға негізгі принциптерін және әлеуметтік-экономикалық дамудың жеделдеткіштері болуға тартылған жобалық басқарушылардың корпусын қалыптастыру әдістерін үйретуді атауға болады.

Басқаруда жобалық тәсілімдеменің құралдарын қолданысқа енгізу әлемдік экономикадағы ағымдағы жағдай аясында күрделі жұмысты болжайтынөте маңызды және жауапты іс, және ол жақын болашақтың басым міндеттерінің бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Даухарин Ж.К. Проектный менеджмент как инструмент повышения эффективности функционирования предприятий / Ж.К. Даухарин, Л.В. Орлова // Вестник Самарского муниципального института управления. – 2016. – №2. – 75-80 б.

2 Инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» [мемлекеттік бағдарламасы](#).

3 URL: <http://www.baiterek.gov.kz/ru/progras/nurly-zhol/>.

4 «ҚР СТ ISO21500 – Жобаларды басқару жөніндегі нұсқау» Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты

5 ҚР СТ ISO 21500-2014 (ISO 21500:2012 guidance on project management, idt)» URL: http://online.akn.kz/Document/?doc_id=39196466.

6 Патрикеева А. Пять проблем внедрения проектного подхода в государственном секторе // А. Патрикеева, Е.Трохина / Управление проектами. – 2016. – №2. – 11-19 б.

7 Мухтарова К.С. Управление проектами: учебное пособие / К.С. Мухтарова, А.М.Джулаева, Г.Б.Нурсейтова, С.Т.Купешова, Д.Б. Байбулова. – Алматы: Казак университеті, 2014. – 322 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются актуальные вопросы совершенствования управления малыми и средними предприятиями; проектное управление как инструмент повышения эффективности управления; особенности проектного и оперативного управления; понятие проекта и группы процессов проектного управления.

RESUME

The article discusses topical issues of improving the management of small and medium-sized enterprises; project management as a tool for improving management effectiveness; features of project and operational management; the concept of a project and a group of project management processes.